

**«Үлтқа қызмет ету ұрпақ міндеті»**

Бүгін Шымкент қалалық арнайы кітапханада кезекті сәрсенбілік шара өз жалғасын тапты. Арнайы кітапхананың Аудио залында өткен шараға Шымкент қалалық Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқарма басшысы Онербаев Бахтияр Өлтайұлы арнайы келіп оқырмандармен кездесті. Кездесудің модераторы Ербек Бакиев кеш қонағы Б.Онербаевқа түрлі сұрақтар жолдап, жауап алып пікір алмасты. Бүгінгі қоғамдағы жастар саясатының дамуы сонымен қатар мүгедектігі бар азаматтардың мәселесі, әлеуметтік саланың әл-ахуалы, ақпараттық кеністіктің орқен жаюы турасында сөз орбіді. Кешті кітапхана директоры Нұрманбетов Бәкір Өбдіұлы ашып жастарға жалынды сөзін арнады. Үлгілі әке, онегелі тұлға, қоғам жанашыры бола білген Бахтияр Өлтайұлы ел мақтанышына айналған азамат. Кеште Талиев Алладин, Аймуратова Рупия әдемі әннен шашу шашты. Гүлсара Каттабекова, Ләззат Мүслім поэзияға ерік беріп, олар оқыды. Кеш барысында Бахтияр Онербаев өз ойларын ортаға салып бүгінгі қоғамның актуалды мәселелерін қозғап, оқырманның көкейіндегі пікірлерін тындап, әсерлі әңгімелерімен бөлісті. Кеш қонағы сөз сонында арнайы кітапхана ұжымына алғыс айтып, 55 жылдық мерейтоймен құттықтады. Кеш соны естелік суретке түсумен түйінделді.



